



# АЛАТАУ АРАЙЫ



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_araiy@mail.ru  
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№15 (464) // 10 ақпан // сейсенбі // 2026 жыл



## ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



Суретті түсірген – Дина ДӘУТБЕКОВА

**Облыстық әкімдікте Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілхановтың қатысуымен жаңа Конституция жобасын талқылаған жиын өтті. Отырысқа облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов, ҚХА жанындағы этномәдени бірлестіктердің төрағалары және қоғамдық құрылымдардың жетекшілері қатысты.**

### ● Ерзат АСЫЛ

Кеңес барысында Марат Әзілханов Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның жұмысына жан-жақты тоқталып, жаңа заң жобасының ел дамуындағы маңыздылығын атап өтті. «Ынтымақ пен бірегейлік – мемлекеттілікті қалыптастырып, нығайтудың маңызды тетігі. Мұны татулық пен келісім саясаты дәлелдеді. Жалпы, елімізде тұрақтылықты сақтауға Ассамблеямен қатар барлық орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдар тартылған. Осы жылдар ішінде Қазақстанда келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудың заңнамалық, мемлекеттік-басқарушылық, қоғамдық

және басқа да институционалды тетіктері құрылды. Бұл тұрғыда Алматы облысы өте өнімді жұмыс атқарды. Ал жаңа конституциялық жобадағы «Халық кеңесі» секілді алаңның құрылуы қоғамдағы өзекті мәселелерді кең ауқымда талқылауға, консенсусқа негізделген шешімдер қабылдауға және түрлі этностар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін институционалды деңгейде ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай құрылым қоғамдық келісімді нығайтып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы тиімді диалогты дамытуға ықпал жасайды», – деді конституциялық реформаның маңызын түсіндірген Марат Алмасұлы.

Кеңес отырысында жаңа Конституция жобасын өңірдегі этномәдени бірлестіктер бірлесіп талқылап, қоғамдық ұйым өкілдері өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қоса қатысушылар жаңа Конституция жобасындағы Қазақстан Халық кеңесінің құрылуы бойынша бірқатар ұсыныс айтты. Қоғамдық келісімді нығайту ел азаматтарының ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті. Кеңеске қатысқан өкілдердің этномәдени бірлестік жетекшілері жаңа заң жобасын қолдайтындықтарын білдірді.

Кеңес қорытындысында Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов жаңа Конституция тұрақты даму жолындағы гүлденген Қазақстанды қалыптастыруға берік негіз болатынын тілге тиек етті. Сонымен қатар ол қоғам өкілдерін Конституция жобасын талқылауға белсенді қатысуға шақырып, әрбір ұсыныс пен пікірдің ел болашағы үшін маңызды екенін жеткізді.

### ● ЛОГИСТИКА

**2025 жылдың тамыз айынан бастап Қарасай ауданы Елтай ауылдық округіне қарасты Көкзек ауылында «Burunday Container Terminal (BCT)» компаниясының көпфункционалды контейнерлік терминалы жұмыс істеп келеді. Компанияны Пулат Хаитов басқарады. Бұл жоба отандық логистиканы дамытуға қосылған елеулі үлес десе де болды.**

### ● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жаңа логистикалық кешеннің жұмысы туралы кәсіпорынның техникалық директоры Арман Оразбаев пен операциялық директоры Аскар Жұмаділов әңгімелеп берді. Олардың айтуынша, жобаның жалпы құны 10 млрд теңгені құрайды, оның 80%-ы – несиелік қаражат. Құрылыс жұмысы 2024 жылдың шілде айында басталып, бір жылдан сәл астам уақыт ішінде аяқталған.

Жер телімінің жалпы аумағы – 16,5 гектар. Ал ғимараттардың аумағы – 50 мың шаршы метр. Оның ішінде

## Мүмкіндігі мол кешен

2 500 шаршы метрі уақытша сақтау қоймасына бөлінген. Түнгі уақытта кешен аумағы прожекторлармен жарықтандырылады. Бұл контейнерлік терминалдың тәулік бойы жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Кешен құрылымына жабық және ашық қоймалар, 1 200 шаршы метрді құрайтын әкімшілік және кеңсе ғимараттары, жүк көліктеріне арналған автотұрақ, бақылау-өткізу пункті және өзге де нысандар кіреді. Сонымен қатар бұл кешен аумағында кедендік бақылаудан өтуі тиіс жүктер сақталады. «Кедендік рәсімдеуден» кейін, яғни Қазақстанға әкелінетін тауарларды ресми түрде тіркеу, құжаттарды тексеру, салықтар мен алымдарды төлеу аяқталған соң, олар белгіленген мекенжайларға жөнелтіледі. Бұл мультимодальды кешен болғандықтан, тұтынушылар өз жүктерін тәулік бойы онлайн режимде арнайы ашылған жеке кабинеттері арқылы бақылай алады.

Жаңа терминалда қажетті қызметтердің толық көлемі көрсетіледі. Оның жылдық өткізу қабілеті шамамен 100 000 TEU-ды құрайды. Терминал Қытайдан, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден келетін импорттық жүктерді қабылдау мен өңдеуге бағытталған. Теміржолға және Үлкен Алматы айналма автожолына жақын орналасуы да маңызды рөл атқарады.

Терминал заманауи басқару жүйесімен, жоғары технологиялық жабдықтармен және сенімді техникамен жабдықталған. Атап айтқанда, швед өндірісіндегі Kalmar маркалы екі жаңа тиегіш бар. Олар көтеру және тасымалдау жұмыстары кезінде таптырмас көмекші болып, салмағы 1,25 тоннадан 72 тоннаға дейінгі жүктерді көтере алады.

– Кешенді салу кезінде жоғары сапалы бетон қабатының қалыңдығы 35 см болды, – деп толықтырды Арман Оразбаев. – Бұл оның сапасына, беріктігіне және ылғалға төзімділігіне кепілдік береді. Сонымен қатар гидроқоқшаулауға ерекше көңіл бөлінді. Дәл осы қорғаныш қабаттары су өткізбеді қамтамасыз етеді.

Осылайша, «Burunday Container Terminal» бизнес, сауда және өзара тиімді әріптестікті дамыту үшін үлкен мүмкіндік ашып отыр. Бұл ауқымды инфрақұрылымдық жоба аудан мен облыстың логистикалық инфрақұрылымын едәуір жақсартып түспек. Қазіргі таңда мұнда 30 адам еңбек етеді. Нысан толық пайдалануға берілгеннен кейін 70 жаңа жұмыс орны ашылмақшы. Жобаның екінші кезеңін 2026 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Қарасай ауданы



### ● ҮНҚОСУ

#### ӨРКЕНИЕТКЕ НЫҚ ҚАДАМ

Қазіргі таңда елімізде жаңа Конституцияның жобасы талқылануда. Арнайы құрылған комиссия мүшелері жаңа Ата Заңның мәтінін көпшілікке ұғынықты әрі ұлттық рең беріп жазғанын көрініп тұр.

Маған ұнағаны – заң алдында барлық адамның теңдігі, жауапкершілігі нақты жазылғаны. Жаңадан құрылатын Парламенттің атауы жаңаша нұсқада «Құрылтай» деп аталатыны да ұлттық болмысымызға жақын. Өрі өткен тарихымызға терең бойлап, ата-бабадан қалған рухани мұраны жас ұрпаққа дәріптеу, Ұлы даланың ұлағатын кейінгі жастарға жеткізу жағы да құптарлық. Сол сияқты отбасылық құндылықтарға, мәдениет пен өнерге қатысты арнайы баптардың көзделгені де көңілден шығады. Экологиялық жауапкершілікке ерекше мән берілуі де қоғамның орнықты дамуына негіз қалайды. Ал білім мен ғылымды дамытуға, азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғауға баса назар аударылуы – еліміздің өркениетті қоғамға қадам басуының жарқын көрінісі. Жаңа заң жобасында бекітілген «Әділетті Қазақстан», «Заң мен тәртіп» қағидаттары да заңдылықты нығайтуға, әділ мемлекет құруға берік тұғыр болмақ. Конституцияда еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп айқын жазылған. Бірақ бұл – орыс тілі мемлекеттік тілмен теңеседі деген сөз емес. Орыс тілі – онсызда көп қолданылатын тіл. 9-бапқа қатысты дұрыс шешім алда болатын Жалпыұлттық референдумда өз орнын табады деген ойдамын.

Бір сөзбен айтсақ, жаңа Ата Заң еліміздің алдағы дамуына бағдарланған. Ол азаматтардың жан-жақты қорғалып, еркін әрі тәуелсіз елде өмір сүруіне жол ашады.

Аида ЫСҚАҚОВА,  
Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейінің меңгерушісі  
Жамбыл ауданы

#### КОНСТИТУЦИЯНЫ ЖАҢАҚТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Конституция – елдің саяси және құқықтық негізі. Ол билік тармақтарының өзара байланысын, құқықтың қолданылу шегін, қоғамдық келісімнің құқықтық өлшемдерін белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ата Заңды жаңарту – жекелеген түзетулер жиынтығы емес, құқықтық жүйенің табиғи даму сатысы деуге болады.

Ұсынылған өзгерістер бұрын қабылданған реформалардың қисынды жалғасы болып, мемлекеттік институттардың жұмысын нақтылауға бағытталған. Президент сөзімен айтқанда, бұл – билік тармақтары арасындағы тежемелік тепе-теңдік жүйесін нығайту және ұлттық парламентаризмді дамыту жолындағы маңызды қадам. Мұндай тәсіл басқару жүйесіндегі рәсімдердің айқындығын арттырып, құқық қолданудың бірізділігін қамтамасыз етеді.

Құқықтық жүйе уақыт талабына сай дамып отырады. Кейінгі жылдары әкімшілік рәсімдердің жаңаруы, конституциялық бақылаудың күшеюі, сот жүйесіндегі институционалды өзгерістер құқықтық мәдениеттің жаңа деңгейін қалыптастырды. Конституцияның жаңартылған нұсқасы осы үдерістерді бір арнаға түсіріп, құқықтық реттеудің ортақ қағидатын бекітуге мүмкіндік береді. Қоғам үшін маңыздысы – басқару жүйесінің түсінікті әрі бірізді жұмыс істеуі. Бұл нақты рәсімдерге, өкілеттіктердің айқын шектелуіне және жауапкершіліктің нақты бекітілуіне байланысты. Мемлекеттік биліктің сабақтастығын құқықтық нормалармен белгілеу, сайлау мен тағайындау тәртібін анық көрсету басқару ісіне деген сенімді күшейтеді.

Осы үдерістерді оқу, талдау және түсіндіру тәжірибесінде күнделікті көріп жүрген біз үшін, яғни жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар қауымы үшін ұсынылып отырған өзгерістердің уақыт талабынан туындап отырғанын жақсы білеміз. Біз Конституцияны жаңартуды құқықтық жүйені дамытуға және басқарудағы жауапкершілікті күшейтуге бағытталған қадам деп білеміз. Оған қоса, жаңа кезеңнің күн тәртібі құқықтық реттеуге жаңа талаптар қойып отыр. Цифрлық технологиялардың дамуы дербес деректерді қорғау, цифрлық кеңістіктегі құқықтарды айқындау мәселелерін Конституция деңгейінде бекітуді қажет етеді. Экология мен табиғатты қорғау қағидатының негізгі заңда көрініс табуы мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімге бағытталған сипатын көрсетеді.

Демек, Конституцияны жаңартуды ел дамуына жасалған қадам деп бағалауға болады. Бұл өзгерістер құқықтық жүйенің дамуын жалғастырып, мемлекеттік институттардың жұмысын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Райгүл АРЫСТАНОВА,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

## БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:

**87476681741, 87082109571**

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны, тілің бай, қазынасы мол бағалы. «Алатау арайына» жазылыңыз, Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Жазылушылар	Индексі	6 айға		10 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	9571,2	9571,2
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	17690,4	12211,2
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	8971,2	8971,2

#### ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

#### РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



ИНВЕСТИЦИЯ

# Алматы облысы алдыңғы қатарда

**ҚР Қаржы министрлігінің деректері негізінде дайындалған рейтинг бойынша, өткен жылы Алматы облысы агроөнеркәсіптік кешенге тартылған инвестициялар көлемі жағынан елдегі жетекші аймақтардың қатарына қосылды. Оған шамамен аймаққа 190 миллиард теңге инвестиция тартылып, агроөнеркәсіптік кешен секторының негізгі капиталына салынған инвестициялардың жедел өсуі игі ықпал еткен. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығында инвестициялардың нақты көлем индексі 153 пайызды құрап, қаржы көлемі 1,2 триллион теңгеге жеткен. Тамақ өнімдері өндірісінде бұл көрсеткіш 208 пайызға (389,4 миллиард теңге), ал сусындар өндірісінде 240 пайызға (124,4 миллиард теңге) артқан.**



Коллажы жасаған – Қалдыбек ОРАЗОВ

Ел бойынша агроөнеркәсіптік кешенге бағытталған инвестициялардың 69 пайызы – ауыл шаруашылығына, ал 31 пайызы ғана қайта өңдеу саласына тиесілі. Инвестициялық циклдің шикізаттық базасын кеңейтуге көбірек көңіл бөлінген.

Агроөнеркәсіптік кешенге салынған инвестициялардың жиынтық көлемі бойынша Павлодар және Түркістан облыстары көш бастап тұр. Әр өңірге шамамен 246-247 миллиард теңгеден инвестиция тартылған. Одан кейінгі орындарда Солтүстік Қазақстан облысы (192 миллиард теңге) мен Алматы облысы (190 миллиард теңге) орналасқан. Ал донор аймақтар – Астана, Алматы қалалары мен Атырау облысы рейтингтен тыс шығарылған, өйткені олар басқа модельде жұмыс істейді. Қалғандары бюджетті қайта бөлуге жоғары тәуелділікке дейінгі кірістерді дербес қалыптастыру көрсеткіштеріне байланысты бес топқа бөлінген.

Алайда аймақтар арасындағы инвестициялық құрылым әркелкі.

Солтүстік өңірлерде капитал салымдарының басым бөлігі ауыл шаруашылығына бағытталса, Алматы облысы қайта өңдеу саласына, атап айтқанда тамақ өнімдері мен сусындар өндірісіне басымдық беріп отыр.

Екінші деңгейдегі аймақтар қатарына Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе және Қостанай облыстары кіреді. Бұл аймақтарда инвестиция көлемі бар болғанымен, қайта өңдеу бағытына айқын бетбұрыс байқалмайды. Ал Жамбыл облысында қайта өңдеу саласына салынған инвестиция үлесі ауыл шаруашылығы өндірісінен асып түсуімен ерекшеленеді.

Агроөнеркәсіптік кешенге салынған ең аз инвестиция Ұлытау және Маңғыстау облыстарында тіркелген. Бұл көбіне табиғи-климаттық шектеулерге және азық-түлікті жеткізудегі жоғары тәуелділікке байланысты. Сарапшылардың айтуынша, аталған

аймақтар ел бойынша ең жоғары жалақы көрсеткішіне ие болғанымен, бұл ауыл шаруашылығы емес, шикізаттық салалардың есебінен қалыптасқан. Сонымен қатар дәл осы аймақтарда азық-түлік бағасының жоғары болуы логистикалық шығындар мен жергілікті өндірістің аздығымен байланысты.

Жалпы алғанда, агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық белсенділік артқанымен, аймақтар арасында теңгерімсіздік сақталып отыр. Мамандардың пікірінше, ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласы бірін-бірі толықтырып, қатар дамуы тиіс. Бұған инвестициялар тарту арқылы тұрақты өндіріс көлемін арттырып, ауыл шаруашылығын дамыту бағытында толассыз жұмыс атқару негізінде қол жеткізілмек.

Алма ТОПАНТАЙҚЫЗЫ

ПРЕСС-ТУР

# Ел игілігіне қызмет етеді



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

**Іле ауданында құрылыс жұмысы аяқталған нысандарға пресс-тур ұйымдастырылды. Алдымен журналистер М.Түймебаев ауылындағы ауызсу тарту пунктіне барды.**

Гүлзат БАЙҚОНЫС

Қазіргі уақытта 1000-нан астам үйдің 4000-ға жуық тұрғыны оның игілігін көруде. Қуаттылығы 10000 адамды ауызсумен қамтамасыз етуге жетеді. Жоба құны – 1,4 млрд теңге. Нәтижесінде 21,5 шақырым су құбыры тартылып, 2 резервуар мен 220 метр тереңдікке жететін 2 артезиандық ұңғыма, лаборатория салынған. Су өткен жылдың тамыз айынан беріле бастап, құрылыс-монтаждау жұмысы қараша айында толығымен аяқталған. Осы уақытқа дейін әр үйде 35 метрге жететін ұңғыма болған. Бірақ ол су ішуге жарамсыз болғандықтан тұрғындар ауызсуды үйлеріне тасып, келіп жүрген.

Іле аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғазиз Алтайұлының айтуынша, өткен жылы Іле ауданында ауызсу жүйесінің 55,2 шақырымы жаңадан салынып, 10 шақырымы жаңартылған. Сонымен қатар Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Көкқайнар ауылында да ауызсу жүйелерін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынған. Жобаға сәйкес 22 шақырым су құбыры жүргізіліп, 1100-ден астам үй орталықтандырылған сумен қамтылатын болады. Жоспарды жүзеге асыру үшін 1,5 млрд теңге қаржы қажет. Бүгінде бюджеттік өтінім жолданған. Қаражат бөлу күтілуде.

Іле ауданында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында екі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы толық аяқталған. 40 адамға арналған аталған нысанның бірі «Береке» саяжай-кооперативінде орналасқан. Жобаның жалпы құны – 293,7 млн теңге. Құрылыс және инженерлік жұмыстар толық аяқталған.

– Дәрігерлік амбулатория «Береке», «Күншуақ», «Жеңістау», «Нариман» және «Жарқын жастар» саяжайларының 5000-ға жуық тұрғынына қызмет көрсетеді. 20-ға жуық адам жұмыспен қамтылады. Толығымен заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Алдағы уақытта жоғары дәрежедегі медициналық қызмет көрсетеміз деген сенімдемін, – деді «Береке» дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік дәрігері Альфира Исмайылова.

Екінші дәрігерлік амбулатория Көкқайнар ауылында салынған. Мұнда да бір мезетте 40 адамды қабылдауға мүмкіндік бар. Ауыл маңындағы елді мекендерде 5159 адам тұрады. Жоба құны – 286,9 млн теңге. Құрылыс-монтаждау, ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық жүйелер толық аяқталған. Мердігер ұйым – «Капитал Строй Проект Групп» ЖШС. Аталған екі жоба ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Осы жылдың ақпан айында ресми ашылуы өтіп, пайдалануға берілмек.

Іле ауданы



**Балқаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында жаңа Ата Заң жобасының мән-маңызын түсіндіру, оның азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жергілікті басқару жүйесіне, сот әділдігі мен әлеуметтік салаға тигізер әсерін талқылау және ел ішінде насихаттау барысында «Конституциялық реформа: Жаңа Қазақстанның құқықтық негізі» тақырыбында оңтүстік үстел өтті.**

# Даму кепілі



Жиынға Балқаш аудандық мекеме басшылары мен қызметкерлері, қоғамдық ұйым мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, өңір тұрғындары қатысты. Отырысты ашқан Балқаш ауданы әкімінің орынбасары Данияр Нұрманов ел дамуының жаңа кезеңіне бағытталған маңызды өзгерістерді кеңінен түсіндіріп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында көтерілген маңызды мәселелерге тоқталды.

Жиында сөз алған аудандық мәслихат төрағасы Кәдірбек Омаров, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Бақыт Сқабаев және жастар белсендісі Айгүл Мейрамғазы Конституциядағы өзгерістерге қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, жаңа заңның қабылдануы уақыт талабынан туындап отырғанын жеткізді. Ауданның Құрметті азаматтары Марат Қашқынбаев пен Сайран Смағұлов және аудандық мәслихат депутаты Ғалымбек Әбдіқұлов ұлттық құндылықтарды құрметтеу, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жайында кеңінен әңгіме өрбітті. Сондай-ақ жиын барысында қазіргі таңда Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан Конституциялық реформа – мемлекетті басқару жүйесін жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға, билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды үдеріс екені айтылды.

Бақтығали ДӘУІТБАЙ  
Балқаш ауданы

ЖИЫН

# Кәсіпкерлерге кеңес берілді



**Кеген аудандық әкімдігінде ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау көрсету, кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жиын өтті. Онда осы саладағы өзекті мәселелер талқыланып, мемлекеттік қолдау шаралары түсіндірілді.**

Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Басқосуға Алматы облысының Еңбек мобильділігі орталығының бөлім басшысы Олжас Нұржұмаұлы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының егін, тұқым шаруашылығы және техникалық бақылау бөлімінің бас маманы Алмас Ақылбеков, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты білім тарту орталығының басшысы Сейітқарім Қалтаев, Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми кеңесшісі, академик Виктор Әбділда, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Алматы филиалы директорының орынбасары Нұрмәди Нұрланұлы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Алматы филиалының кредиттік маманы Думан Нұрхатұлы, «Белагротех» компаниясы коммерциялық операциялар жөніндегі директорының орынбасары Әмір Несіпбергенов, тиісті мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, шаруа қожалық төрағалары мен кәсіпкерлер қатысты.

Жиынды ашқан Кеген ауданы әкімінің орынбасары Мұхтар Батырханұлы ауыл шаруашылығы саласындағы тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау түрлерін кеңінен түсіндіру, қолданымдағы мемлекеттік бағдарламаларды таныстыру және саладағы өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар қабылдау мақсатында сала мамандары арнайы келіп отырғанын жеткізді.

Кездесуде кәсіпкерлікті бастау, бизнес-жобаларды несиелендіру, кепілдікті қамтамасыз ету турасында сөз қозғалды.

– Кеген ауданында 30,3 мың гектар егіс алқабы бар. 63 мың тонна тұқым дайын, облысымызда жалпы 20 тұқым өсіруші және 9 тұқым өткізуші субъектілер жұмыс атқаруда. Тұқымды отырғызу және материалдарды сұрыптау, егістік сапасын анықтау қызметіне әкімдік тарапынан 52 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта аталған қызметті көрсететін кәсіпорын конкурстар рәсімдері арқылы анықталуда, – деген облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының егін, тұқым шаруашылығы және техникалық бақылау бөлімінің бас маманы Алмас Ақылбеков тұқым шаруашылығын дамытуға биыл жергілікті бюджеттен 502 млн теңге субсидия қаражаты, минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға 1,1 млн теңге бөлінгенін атап өтті.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Алматы филиалы директорының орынбасары Нұрмәди Нұрланұлы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына арналған «Кең дала» бағдарламасы туралы баяндаса, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Алматы филиалының кредиттік маманы Думан Нұрхатұлы лизингтік бағдарламалар, қаржыландыру тетіктері мен қатысу талаптарын түсіндіріп берді.

Жиында көктемгі егіс науқаны мен егін жинау жұмыстарына қажетті техника түрлері, су үнемдеу технологияларын енгізу мүмкіндіктері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту сынды өзекті мәселелер талқыланды.

– Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының маңызды салаларының бірі. Мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану арқылы саладағы түйткілді мәселелер шешіліп, өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуеті одан әрі арта түсетіні сөзсіз, – деп аудан әкімінің орынбасары Мұхтар Батырханұлы жиынды қорытындылады.

Кеген ауданы



● БҮГІН – ЕСЕНҚҰЛ ЖАҚЫПБЕКОВТИҢ ТУҒАН КҮНІ

*Қандай тұнық,  
қандай сұмдық қарасын,  
Қарағандар білу керек шамасын.  
Жарып шығып жүрегімнің арасын,  
Жаным менің,  
қайда кетіп барасың?*

*Бір Аллага аян барар тұрағы,  
Көкіректен жаным күнде шығады.  
Жаным, сені жазғырмаймын  
бұл үшін,  
Сені тапқан анаң бұған кінәлі,  
– деп өзі де теңіздей толғанатын,  
таусуындай тұнық сырмен тыңдау-  
шысын да өзгеше тебіренетін  
Есенқұл ақын жайлы сөз болғанда  
есіме ең алдымен сонау сексенінші  
жылдар оралады.*

Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетінде бөлім меңгерушісі болып істейтін жас ақынның жанына үйірілушілер көп болатын. Журналистиканы жаңа бастап, өлең өлкесіне енді ғана қадам басқан біз сияқты жастардың Есағанды пір тұтатыны өз-өзінен түсінікті. Оның әр өлеңін дерлік жаттап алып, сол кездері жиі болып тұратын басқосулар мен сауық кештерінде, басқа да отырыстарда жалындата оқимыз, өзіміздің жаңа өлеңдерімізді де ақын сарабына саламыз.

Редакциядағы жұмыс күні аяқталған соң ауыл сыртына шығып кетеміз. Көбіне-көп Рәтбек Терлікбаевтың әпке-жездесі тұратын, ал менің туып-өскен ауылым болып саналатын Кировке (қазіргі Үмбетәлі ауылы) тартып кетеміз. Ауылдағы айдың көлдің жағасында, не болмаса қалың бау ішінде алау жағып отырып таң атқанша өлең оқитын едік-ау. Төлеген мен Мұқағалидың, Фаризаның, тағы басқа да ақындардың жырлары кезек-кезек оқылып жан тербейтін. Сондай өлеңдердің қатарында Есенқұлдың да сезімге толы жырларына елітеміз.

*Жүргендей боп жаннаттың гүл бағында,  
Сенің ғана жүруші едік маңында.  
Балдай шару...  
Сұлу қыздар...  
Көл, Һауыз...  
Өзімізді сезінуші ек сонда біз,  
Отырғанай Омар Хайям жанында.*

Бұл өлеңді Есағам кейіннен Жұматай Жақыпбаевқа арнап жазыпты. Шындығында бұл өлең біздің дәл сол бір сәттегі көңіл-күйімізге арнап жазылғандай әсер қалдырады. Сондай сәтте біз де өзіміздің Омар Хайям іспетті керемет бір ақынның жанында отырғанымызды жан-тәнімізбен сезінетін едік.

Есенқұлдың өлеңін оқу «Гүлдәурен-мен кездесуден» басталады. Балаң шақтың бал сезімдері соншалықты әдемі де әсерлі суреттелген бұл өлеңді қанша қайталап оқысақ та жалықпаймыз. Содан кейін өз кезегімен басқа өлеңдер ағытылады. Қай-қайсысы да жан тербемей қоймайды.

*Туған ауыл, аманбысың, гүл аймақ,  
Құшағыңнан келдім тағы  
жыру аулап.  
Тентек жастың алыстығы-ай,  
әйтпесе,  
Топырағыңа тұрар едім бір аунап.*

*Саған келсем көңіл жайлы, арқа кең,  
Сенен ғана тұрған-сынды  
жарты әлем.  
Жұрттың бәрі жұмақ іздеп  
кетсе егер,*

*Таныс жолмен мен өзіңе тартар ем, – деп оқылған өлең аяқталысымен жүрек тербейтін басқа өлең басталады.  
...Үйлі болып алғаннан соң ес кірді,  
Күйбеңменен таңым атып,  
кеш кірді.  
Көктем келсе көз сүзбеймін  
көк белге,  
Сары күзде сағынбаймын ешкімді.*

*Ешкімді де, ешнәрсені етпей мұң,  
Отбасының тыныштығын  
көксеймін.  
Көгендеулі қозыдайын бұлжынған  
Қатып қалды қаным бойда,  
не істеймін?!*

*Бақыт сыйлап жүрсін, мейлі,  
адал жар,  
Өмір бұл күн көрінбейді маған бал.  
Жетер-жетпес жерде аяулы  
бір бақыт  
Тұрмаған соң бұл өмірде не мән бар?  
– деп бұл өлеңнің соңында да ажқүрек ақын ағынан жарылады.*

Есенқұл өлеңдерінде мұндай ағынан жарылатын тұстар жетерлік. Жалпы ол өлеңінен сыр жасырып қормеген ақын. «Аңкылдай берме, аңқауым, біреу күлсе егер, адамда қазір аз емес шығар дүмшелер. Арудың бәрі аңқау болып мәңгі қалмас па, ағаның бәрі ажқүрек болып туса егер», – деген жолдар да бұл сөзімізді нақтылай түседі.

Бірге қызмет істеп, етене араласып кеткен соң Есағана бойымыз үйіреніп әзілдесетінді, ара-тұра каттырақ қалжыңдасатынды да шығардық.

Бірде «Бейімбеттің ізімен» деген айдар қойып, Есағана әзіл арнадым.

*Әй, Есенқұл-ай,  
Бай-бай-бай!  
Құрыдың ғой енді,  
Қу Құдай-ай!  
Бастығыңды боқтапсың,*



©Қолапалы жасаған – Қалыбек ОРАЗОВ

# Өмірі – өлеңі ЖЫР-ДАСТАН

*Арғы аталарынан түк қоймай,  
Бергі әкесіне кеп тоқтапсың,  
Ол аз болғандай,*

*Еден жуушыға барып оттапсың,  
– деп келетін бұл жолдарды оқып қарқ-қарқ күлген Есағам: «Мұны газетке шығарып жіберейік», – деп машинкаға бастырып, менің қалай болар екен дегеніме де қарамай, өзі қол қойып берген-ді. Тек «Есенқұл» деген сөзді «Елпенбай» деп өзгертті.*

Кейін Алматыда өткен үлкен шығармашылық кешінен соң жайылған дастарқан басында: «Есіңде болса сол әзілді оқып берші, құр мақтаудан

Бірінші мамыр күні Бірлік ауылында көкке шыққанымыз естен кетпейді. Сәздерін әзіл-шыны аралас «қалмақ» санайтын Бірліктің аңкылдақ жігітері қызу күйлерінде «Қазақты бүгін қайтадан шауып қайтамыз» деп атқа мініп алып жүйткіп жүрді. Шапыраштының ішінде қалмақ әжелерінің атымен Жылғары аталып кеткен атаға жататын Есен ағамыз да бұл әңгімені қыздырып қояды. Осыған жалғас әңгімені оның «Қазағы бар, ішінде қалмағы бар, бұл ауылдың тарихта салмағы бар. «Бой бермеген қазаққа халықпыз» деп, «Қалдан Серен батырдан қалыппыз» деп, қалжыңдайды

жүрген Шорабек Айдаровқа айтып бердім. Мұны Шорабектен алғаш естігенде шала бүлінген Есағам кейін ашуы басылған соң мұны өзі де күліп айтып жүретін еді.

Осы орайда Есенқұлды «балам» деп қалжыңдасып жүретін Әлімқұл атамыздың әзілі ойға оралмай қоймайды. Мәдениет бөліміндегілер: «Ата, бәріңізге сахналық киім тіккіземіз, осы қазір өлшемге барыңыз» дегенде Әлекеннің: «Мына Есенқұл баламның өлшемін алсаңдар болды, бәрі маған дәл келеді, аяғының қисықтығына дейін аумайды», – деп күлдіргені бар.

Есенқұл екеуіміз 1984 жылдың басында аудандық газеттен бір мезгілде кетіп, біраз уақыт басқа жұмыстың басын шалып көрдік. Бірақ үйренген жұмыстан алыстап кете алмай, бір жылдан кейін мен Күрті аудандық «Шұғыла» газетіне орналастым. Кейін облыстық «Жетісу» газетінің Күрті, Балқаш аудандарындағы меншікті тілшісі қызметіне тағайындалып, 2002 жылы облыс орталығы Талдықорған қаласына қоныс аудардым. Есағам аудандық өлкетану музейінде, біздің ауылдағы Үмбетәлі Кәрібаев

музейінде қызмет істеп, біраз уақыт «Ақындар мектебін» жүргізгенімен, ара-тұра журналистика ауылына да атбасын бұрып тұрды. Өмірінің соңғы жылдарында өзі еңбек жолын бастаған «Атамекен» (бұрынғы «Екпінді еңбек») газетін басқарды.

Бұл кезеңде де Есағаммен байланысымыз үзілген жоқ. Андасанда болса да Күрті мен Балқашқа, одан Талдықорғанға келіп, ортамызды толтырып, көңілімізді бір серпілтіп кететін еді. Туған ауылыма барғанда оған қалайда бір жолығып кетуге тырысатынымын.

баурайында тұтанған от жалыны қаз-қатар тізілген қызғылт моншақтай болып жылт-жылт етіп көзге кереметтей әсем шалынады. Ақын осы бір көріністі өлеңінде өте дәл бере білген. Оның «Өркеш таулар өлең сүйген жүректің кардиограмма толқындары секілді» деген жолдары да осы қатардағы көрініске жатады.

Ақын өмірден өткенде республикалық басылым басшыларының бірінің аузынан «Есенқұл тұрмыстың тауқыметін көп тартыпты ғой тіршілігі соңғы кезде ғана түзеліпті» дегендей тұжырымды естіп қалдық. Ақынға жақын жүрген жолдасы ретінде мұндай тұжырымның негізсіз екендігін айтқым келеді. Рас, Есенқұл ақын асып-тасыған бай болған жоқ. Ел басына түскен қиындықты да көппен жүре көрді. Бірақ оны көп уақыт жұмыссыз қалып, тұрмыс тапшылығын елден ерек тартты деуге болмайды. «Елуде ерең ержеттім, елу жыл, халқым, тербеттім» деп өзі айтқандай, оны ауданның ғана емес, облыстың да басшылары аялап ұстады, жағдайын біліп, әрдайым қамқорлық жасап отырды. Қызы Досқұл дүниеге келгенде сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бекболат Тұрысжанов ағамыз нәрестенің атын қойып берсе, Серік Үмбетов, Ансар Мұсаханов, Махаббат Бигелдиев, Лаззат Тұрлашев, Жандарбек Далабаев, Тоққожа Естенов сияқты бауырлары әрдайым жағдайын біліп, қамқорлықтарын жасап отырды. Осы кісілер сияқты ағалары, Кеңестей достары мен Ақандай інілері тұрғанда оны аса бір қатты қиыншылық көрді деуге болмайды.

Есенқұлға қай мекеме басшысының да есігі ашық болды. Бұл жағынан алғанда Есағанның басқа інілеріне көмектесетіндей де жағдайы бар еді, көмектесіп те жүрді. Айналасында жүрген дос-жарандары ғана емес, тіпті оны сыртытай білетіндердің өзі қай жерге, қай ауылға, қалаға барса да хан көтеріп күтіп алатын, былайша айтқанда аяғын жерге тигізбейтін еді. «Біздің елдің жігіттері» әніне арқау болған тағы бірқатар атпал азаматтың, өнер саласындағы ағайындарының ақынға деген ықыласы тіптен ерекше болатын.

Біз де «Мықты ақындардың барлығы өз кезінде бағаланбаған, тұрмыс тауқыметін тартып, өмірден қиындық кешіп өткен» дегендей жаттанды түсінік әбден қалыптасып қалған сияқты. Алайда бұл тұжырымды Есағам қолдануға болмайды.

Жалпы әдебиетте, оның ішінде поэзияда белгілі бір жетістікке жету үшін оған өзіндік бүтіндей арнауың керек. Есенқұл да өзін өлеңге басыбүтін арнады. Барлық ақындар сияқты ол да дүние, байлық жинауға құлықсыз болды, шынын айтқанда оған беймі де болған жоқ. Содан кейін де ол мектептегі пионер жетекшісі, музей қызметкері, ақындар мектебінің мұғалімі, аудандық газеттің тілшісі сияқты кішігірім жұмыстарды қанағат тұтты. Ал егер шындап мансап, дүние қуатын болса оған Алматыдан ғана емес, осы Ұзынағаштың өзінен де, басқа жерлерден де лайықты қызмет табылатын еді деп ойлаймын. Басқа сөзбен айтқанда, Есағам өлең үшін белгілі бір құрбандықтарға барды. Содан кейін де ол әдебиет тарихында Есенқұл болып қалды.

Ал өлеңдегі өзіне көңілі толмауы шылықтың, өзекті өртеген өзге мұның орны бір басқа. «Уақыттың босқа өткені болмаса, бұл өмірде жоғалтатын түгім жоқ. Елге де өкпе айта алмаймын мен аса, өз жанымды өзім өттім жұлып жеп» дегендей жолдар ақынның нағыз өз табиғатына келеді. Өмірінің соңында түсірілген телесұхбатта өзі де атап өткендей, Есағамның соңғы уақыттағы басты мұны осы уақыттың жетіспеуі болды.

Оның шын туған күні 1953 жылғы 19 желтоқсан болатын. Компартияның сол кездегі бас хатшысы Брежневпен бір күнде туғанды да сан-саққа жүгіртіп, әзілге айналдыратын едік. Дүниеге әлжуаз, аурушаң болып келген сәбиге туу туралы куәлікті бірден ала қоймаған ата-анасы оның беті бірге-бірте бері қарағаннан кейін барып куәлікті келесі жылдың 10 ақпанында алады. Сол себептен оның құжаттарында туған жылы ретінде осы күн көрсетіледі.

Сөйткен Есағамыз асқаралы алпыс жасына – шын туған күніне бір айдан сәл ғана астам уақыт қалғанда ойламаған жерден дүниеден өтті. Алдымен Менсұлу жеңешеміздің алпыс жылдығын атап өтпек болып, бізді тойға алдын ала шақырып та қойған еді, бұл кездейсоқтық дегенді қойсаншы, дәл сол той болатын күні тәні жер қойнына берілді.

Ақ тілектер ақтарылып, ат мінгізіліп, «темір тулпары» көлденең тартылатын қуанышты сәттердің бәрі ақынның алпысына орайластырылып отырған сияқты еді, ондай күнге жеткізбеген тағдырға не шаға?..



жалығып кеттім, қызық болсын», – деген еді. Ақын Ермек Жұматаев оны «Есенқұлдың өмірбаяны» деген әзілмен жалғастырды. Бұл әзілде де: «...Ана тілі орыс, баба тілі «қалмақ» болса да, қазақ тілінде таза сөйлейді. Сонымен қатар қазақ жазуын да жан-жақты меңгерген. Аз қуанады, жиі ренжиді, тез ұмытады. Жылқы мінезден. Қуанышын сан салаға бөліп қойған. Ұл өскенде қуанады, қыз кеткенде қуанады. Жылқы мінездес екеніне көк шыққанда немесе шөп шыққанда қатты қуанатынын дәлелге келтіруге болады. Мінезі жуас. Қиым кісісі олпы-солпы. Дегенмен оптимист. «Күніне тоқсан тоғыз бәле көрсен, сонда да күдер үзбе бір Алладан» деп ыңылдап ән салғанды ұнатады. Бүгінде бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Қалған балалары жат қолында...» деп келетін жолдар бар. Мұнымызды онша ұната қоймағандар да болды-ау деймін, бірақ Есағамның езуі жиылмай ерекше мәз болды.

Ара-тұра ақынның туған ауылы – Бірлікке барып, Елизавета апамыздың қолынан шай ішіп қайтамыз. Арасында ол кісіге «Тәте, Менсұлу жеңешеме қайны ретінде қалжыңдасам кейде әзілімді көтермей қалады» дегендей шағымымыз да айтып қоямын. Лиза тәтеміздің: «Ренжіген сайын қалжыңдай бер. Қайнысының қалжыңын көтермейтін жеңге болушы ма еді?», – деген жауабы да көп күттіре қоймайды.

әйтеуір сондағылар» деп келетін өлеңінен де байқауға болады.

Арасында Есеннің әкесі Серікбай ағамызбен әңгімелесіп қаламыз. Кезінде Мұхтар Әуезовтің өзімен дидарлас болып, бірге суретке түскен ағамыздың әңгімесі өзінше қызық. Қолы қалт еткенде ол кісінің де өлең жазатынын сол кезде білдік. Серікбай ағамыздың өз қолынан алған, өз қолымен жазылған «Таңбалы тас» атты аңызы менде әлі күнге дейін сақтаулы. Есағам «Сол поэманы алайыншы», мен «Сол жазбаны өзіне берейінші» деп жүргенде өзі де өмірден өтіп кетті.

Басымыз қосылып қалған сәттері Есенқұл Қалдыр Мырза Әлі ағасының: *Құм менен тас бірігіп,  
Құрлық пайда болыпты.  
Гүл мен тікен бірігіп,  
Тірлік пайда болыпты.*

*Бірте-бірте жай талдан,  
Бадам пайда болыпты.  
Периште мен сайтаннан  
Адам пайда болыпты, –* деген өлеңін әдемі бір әуенге салып айтып отыратын. Журналистика факультетінің күндізгі бөлімінде оқып жүргенімде соны: *Ақыл менен азыптан  
Қосыл пайда болыпты.  
Хохол менен қазақтан  
Есен пайда болыпты, –* деп өзгертіп алып, сол факультеттің сырттай бөлімінде Есенқұлмен бір күрста оқып



# МҰЗАРТ ШЫҢНЫҢ МҰЗБАДАҒЫ

*Халық сүйіспеншілігіне бөленген Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін сүйіп оқымайтын қазақ кемде-кем. Биыл ақынның туғанына 95 жыл толып отыр. Осыған орай, облыс әкімдігінің қолдауымен Қарасаз ауылында «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кеш өтті. Салтанатты шара жыр перзентінің рухына тағзым етіп, оның мәңгілік мұрасын дәріптеуге арналды.*



Токкожа Естенов, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, «Мұқағали» журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов және басқа да белгілі қаламгерлер, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Алғашқы құттықтау сөзін алған облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев:

– Қарасаз төрінде бас қосқан кымбатты қауым! Сіздерді қазақ поэзия-

сының заңғары, руханияттың мәңгілік шырақшысы Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай шын жүректен құттықтауға облыс әкімі Марат Елеусізұлының атынан келіп отырмын. Ақиық ақын Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілігін, махаббатын өлеңге айналдырып, миллиондаған оқырманның жүрегін жылытты. Мұқағали шығармашылығы ұлттық әдебиетіміздің мәңгілік қазынасына айналды, – дей келе Жұлдыз Мұқағалиұлы мен келіні Бақытгүл Айдарованың иықтарына

шапан жауып, сый-құрмет көрсетіп, ықылас гүлін табыстады.

Келесі кезекте ақын Ұлықбек Есдәулет ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының құттықтау хатын оқып, Жұлдыз Мұқағалиұлы мен ақын Батық Мәжитұлын «Хәкім Абай» медалімен марапаттады.

Кеш барысында Халықаралық Мақатаев қорының төрағасы Бақытгүл Айдарова ақын шығармашылығына ерекше сіңірген еңбегі үшін Ұлықбек Есдәулетке «Мұқағали» төсбелгісін табыстады.

Әдеби-сазды кеш аясында облыс әкімінің қолдауымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаев туралы «Төңірқұты» атты естеліктер жинағының таныстырылымы өтті. Кітаптың тұсаукесер рәсімін облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, Ұлықбек Есдәулет қоғам қайраткері Токкожа Естенов, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай, Жұлдыз Мұқағалиұлы, ақындар Маралтай Райымбекұлы, Бақыт Белделхан жасап, ізгі лебіздерін арнады.

Шараның ең тартымды тұсы «Жырлайды жүрек» атты поэтикалық қойылым болды. Бұдан бөлек, әдеби-сазды кеште Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткерлері Сәкен Майғазиев, Айгүл Иманбаева, Қуандық Қыстықбаев, театр және кино актері Асан Мәжит, «Қоңыр» тобы, сондай-ақ Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әртістері мен өңір өнерпаздары ақын сөзіне жазылған әндерді орындап, кештің сәнін аша түсті.

Ақын өлеңдерінде көркем сөздің күші ғана емес, жүректен шыққан шынайы сезім, өмірге деген құштарлық бар. Өлмес өлеңімен жалпақ елінің жүрегіне жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ұлт перзентінің ұрпаққа ұран болған жырлары жыл өткен сайын жастармен бірге жанарып, жаңа толқынмен биіктеп барады.

Райымбек ауданы

## ХАБАРЛАНДЫРУ/ОБЪЯВЛЕНИЕ

ШЖҚ «Талғар жылу» МКК тұтынушылардың назарына Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2025 жылғы 24 қарашадағы №188-НҚ бұйрығымен Талғар ауданы бойынша жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу қызметтеріне келесідей мөлшерде тарифтер бекітіліп, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенін жеткізеді:

ГКП на ПХВ «Талғар жылу» доводит до сведения потребителей о том, что приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий по Алматинской области от 24 ноября 2025 года №188-ОД утверждены тарифы на услуги по производству, передаче, распределению и реализации тепловой энергии по Талгарскому району, с вводом в действие с 1 января 2026 года в размере:

ҚҚС-сыз

без учета НДС

Тұтынушылар тобы Группы потребителей	Өлшем бірлігі/ Ед.Изм.	Тариф 01.01.2026 - 31.03.2026	Тариф 01.04.2026 - 31.12.2026	Тариф 01.01.2027 - 31.12.2027	Тариф 01.01.2028 - 31.12.2028	Тариф 01.01.2029 - 31.12.2029	Тариф 01.01.2030 - 31.12.2030
<b>Орташа тариф/Средний тариф</b>	<b>Теңге/Гкал</b>	<b>6 137,70</b>	<b>7 509,88</b>	<b>7 258,98</b>	<b>7 650,11</b>	<b>8 063,06</b>	<b>8 490,37</b>
<b>Халыққа арналған орташа тариф/Средний тариф для населения</b>	<b>Теңге/Гкал</b>	<b>6 137,70</b>	<b>7 400,00</b>	<b>7 178,00</b>	<b>7 530,00</b>	<b>7 906,50</b>	<b>8 301,83</b>
есептеу құралы бар халық/население с ПУ	теңге/Гкал	4 737,52	6 400,40	6 088,47	6 387,04	6 706,39	7 041,71
есептеу құралы жоқ халық/население без ПУ	теңге/Гкал	7 365,18	8 880,00	8 613,60	9 036,00	9 487,80	9 962,19
есептеу құралы жоқ халық/население без ПУ	теңге/м2	185,51	241,37	234,13	245,61	257,90	270,79
<b>Басқа тұтынушылар үшін орташа тариф/Средний тариф для прочих потребителей</b>	<b>Теңге/Гкал</b>	<b>7 273,11</b>	<b>8 727,73</b>	<b>8 465,90</b>	<b>8 889,20</b>	<b>9 333,65</b>	<b>9 800,34</b>
есептеу құралы бар басқа тұтынушылар/прочие потребители с ПУ	теңге /Гкал	4 954,01	7 804,96	5 926,13	6 222,44	6 533,56	6 860,24
есептеу құралы жоқ басқа тұтынушылар/прочие потребители без ПУ	теңге /Гкал	9 455,05	11 346,05	9 218,25	9 679,16	10 163,12	10 671,27
<b>Бюджеттік ұйымдар үшін орташа тариф/Средний тариф для бюджетных организаций</b>	<b>Теңге/Гкал</b>	<b>8 285,83</b>	<b>13 866,07</b>	<b>13 049,61</b>	<b>17 777,95</b>	<b>22 227,81</b>	<b>26 164,05</b>
есептеу құралы бар бюджеттік ұйымдар/бюджетные организации с ПУ	теңге /Гкал	5 799,42	6 933,04	6 524,81	8 888,97	11 113,90	13 082,02
есептеу құралы жоқ бюджеттік ұйымдар/бюджетные организации без ПУ	теңге /Гкал	8 285,83	16 079,54	14 680,72	20 000,06	25 006,12	29 434,36
1 м3 ыстық суға негізделген жеке есепке алу құралы болған кезде ыстық сумен жабдықтауға төлем(жылу энергиясын есептегішсіз)/Плата за ГВС (без ПУ тепловой энергии) при наличии ИПУ из расчета 1 м3 горячей воды	теңге / м3	338,74	634,92	615,87	646,07	678,38	712,30
Жеке есепке алу құралы болмаған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем (жылу энергиясын есептегішсіз) ыстық су үшін 1 адам есебінен/Плата за ГВС (без ПУ тепловой энергии) при отсутствии ИПУ из расчета 1 человека горячей воды	теңге /1 адам	1 411,17	1 701,41	1 650,37	1 731,30	1 817,86	1 908,76

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

### Әдептен озбайық!

Талғар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы – халық денсаулығын қорғау жолында жауапты әрі маңызды қызмет атқарып отырған мемлекеттік орган. Осы салада қызмет ететін әрбір маманның кәсіби біліктілігімен қатар, әдепті мінез-құлқы да ерекше мәнге ие.

Қазақстан Республикасының Әдеп кодексі басқарма қызметкерлерінің күнделікті жұмысында негізгі бағдар болып саналады. Кодексте белгіленген адалдық, әділдік, ашықтық,

сыпайылық және жауапкершілік қағидалары қызмет сапасын арттыруға бағытталған.

Басқарма мамандары азаматтармен қарым-қатынаста сабырлық пен мәдениеттілікті сақтап, әрбір өтінішке заң талаптарына сәйкес әрі әділ көзқараспен қарауға міндетті. Әдеп кодексінен сақтау арқылы қызметкерлер халықтың сенімін нығайтып, мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге үлес қосып келеді.

**Бексұлтан ОСПАНОВ,**  
Талғар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы



Бас редактордың бірінші орынбасары:  
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:  
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:  
Шолпан НҮРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
Алматы облысының әкімдігі  
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:  
Кәдірбек ҚҰНЫПИАУЛЫ

Бас редактор:  
Қуаныш ТҮНҒАТАР

#### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55  
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32  
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12  
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11  
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83  
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22  
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25

#### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71  
alatau\_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22VPY00086933 куәлігі берілген.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.  
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.  
Тапсырыс – 136

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.  
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Еразт АСЫЛ

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласынан солтүстік-батысқа қарай 6 км-де орналасқан «Капшағай Прибрежный-1» құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «КазЩебТорг» ЖШС, мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 52/2. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Капшағай Прибрежный-1», расположенном в 6 км к северо-западу от г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «КазЩебТорг», адрес: г.Алматы, проспект Достык, 52/2, тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

## ЖАРИЯЛАНЫМ

Алматы облысы Іле ауданының сотында азаматша Айсұлу Байғабатованың азамат Ержан Ақжолтаевич Байғабатовты (10.11.1973 ж.т., туған жері Талдықорған облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек стансасы, соңғы мекенжайы – Іле ауданы Ащыбұлақ ауылы, Кенесары хан көшесі, № 72 үй) ӨЛДІ деп жариялау арызы бойынша азаматтық іс қаралуда екенін хабарлаймыз. Осыған байланысты азамат Ержан Ақжолтаевич Байғабатовтың тұрғылықты орналасуы туралы ақпарат білетін азаматтарды осы жарияланым шыққан күннен бастап үш ай мерзім ішінде Іле аудандық сотына немесе 87083737096 – Айсұлу Байғабатоваға, мекенжайы: Іле ауданы Ащыбұлақ ауылы, Кенесары хан көшесі, № 72 үйге хабарлауларыңызды сұраймыз.

Малик Сайлаубекевич Байдосеновтің (10.07.1966 ж.т.) атына берілген зейнеткерлік (әскери) куәліктің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Пенсионное (военное) удостоверение (10.07.1966 г.р.), выданное на имя Малика Сайлаубекевича Байдосенова считать недействительным.

ЕГЕР СІЗ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ «АЛАТАУ АРАЙЫ» ГАЗЕТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ, ЕСКЕ АЛУ, ЖАРНАМА, МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАҚАЛА, ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРГІНІЗ КЕЛСЕ, МЫНА ТЕЛЕФОНДАРҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ:  
8 747-688-17-41, 8 708-210-95-71.

«Qonaev Media» телеарнасының ұжымы белгілі журналист Ләззат Сапаховаға жұбайы, белгілі актер, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы

Балтабай СЕЙІТМАМЫТҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.